

**"Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 41 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31388 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 13 бұйрығына келесідей өзгерістер енгізілсін (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 26924):

Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларында:

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны осы бұйрыққа сәйкес редакцияда баяндалсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Жедел талдау департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми түрде жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг  
агенттігінің төрағасы*

*Ж. Элиманов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг  
агенттігінің төрағасы  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 41 Бұйрықпен  
бекітілген  
Қаржы мониторингі  
субъектілерінің қаржы  
мониторингіне жататын  
операциялар туралы мәліметтер  
мен ақпарат беру қағидаларына  
1-қосымша

**Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны  
ҚМ-1**

Деректеменің №	Атауы	Мазмұны
1	2	3
1. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны (бұдан әрі – ҚМ-1 нысаны) туралы мәліметтер		
		1. Нөмірі:

1.1	ҚМ-1 нысанының нөмірі*	<p>2. ҚМ-1 өзге нысанымен байланысы (бар болса):</p> <p>2.1 ҚМ-1 байланыс нысанының нөмірі:</p> <p>2.2 ҚМ-1 байланыс нысанының күні:</p>
1.2	ҚМ-1 нысанының күні*	
1.3	Құжаттың түрі (керегінің астын сызу керек)*	<p>1. Жаңа хабар</p> <p>2. Қабылданбаған хабарды түзету (түзетілетін хабардың № көрсете отырып)</p> <p>3. Хабарды ауыстыруды сұрау (хабардың № көрсете отырып)</p>
1.4	Операцияның жай-күйі (керегінің астын сызу керек)*	<p>1. Жасалған (операцияның аяқталған уақыты)</p> <p>2. Жасалмаған – өткізуден бас тарту</p> <p>3. Жасалмаған – шешім қабылдау үшін</p>
		<p>1. Шекті сомаға тең немесе одан асады</p> <p>2. Күдікті операция</p> <p>3. Жолақ белсенді емес</p> <p>4. Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесімен сәйкес келуі:</p> <p>4.1. Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру</p> <p>4.2. Банк шотын пайдаланбай төлемдер мен аударымдар бойынша нұсқауларды орындауды тоқтата тұру</p> <p>4.3. Бағалы қағаздарды оқшаулау</p> <p>4.4. Өзге операциялар жүргізуден бас тарту</p> <p>4.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бір бөлігін және сақтанушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тарту</p> <p>4.6 "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл</p>

1.5

Хабарлама беру үшін негіздеме (керегінің астын сызу керек)\*

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8-тармағына 2) тармақшасына сәйкес операцияны жасау

5. Жолақ белсенді емес

6. Жолақ белсенді емес

7. Жолақ белсенді емес

8. Осындай зерделеу нәтижелерін тіркей отырып, қаржы мониторингінің субъектілері күдікті деп таныған, міндетті зерделеуге арналған операциялар.

9. Сипаттамалары терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін операциялар.

10. Сипаттамалары қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін операциялар

11. Жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесімен сәйкес келу:

11.1 Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

11.2 Банк шотын пайдаланбай төлемдер мен аударымдар бойынша нұсқауларды орындауды тоқтата тұру

11.3. Бағалы қағаздарды оқшаулау

11.4 Өзге операциялар жүргізуден бас тарту

11.5 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бөлігін және сақтандырушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға

11.6 Заңың 12-1-бабы 6-тармағында көрсетілген

операцияларды тоқтата тұруға жіберу

12. Іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту:

12.1 Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда

12.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру ( жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

12.3 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

13. Операцияны жүргізуден бас тарту:

13.1 Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 4) және 6) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда

13.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру ( жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

13.3 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

14. Іскерлік қатынастарды тоқтату :

14.1 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру ( жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

14.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда

2. ҚМ-1 нысанын жіберген қаржы мониторингі субъектісі туралы мәліметтер

2.1	Қаржы мониторингі субъектісінің коды*	
2.2	Қаржы мониторингінің субъектісі*	1.1 Ұйымдастырушы нысан: 1.2 Атауы: 1.2.1 Тегі: 1.2.2. Аты: 1.2.3 Әкесінің аты (бар болса):
2.3	Деректеме белсенді емес	
2.4	Жеке сәйкестендіру нөміріне/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі ( бұдан әрі - ЖСН/БСН)*	
2.5	Орналасқан мекенжайы	1. Облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана): 2. Аудан: 3. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, елді мекен (қала/кент/ауыл): 4. Көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы: 5. Үй нөмірі: 6. Пәтердің/офистің нөмірі ( болған жағдайда): 7. Пошталық индекс:
2.6	Жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін)	
2.6.1	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы ( жеке тұлғалар үшін)	1. Нөмірі: 2. Сериясы (бар болса):
2.6.2	Жеке басын куәландыратын құжатты кім берген (жеке тұлғалар үшін)	
2.6.3	Жеке басын куәландыратын құжат қашан берілген (жеке тұлғалар үшін)	
2.7	Жауапты жұмыскер	1. Тегі: 2. Аты: 3. Әкесінің аты (болған жағдайда):
2.7.1	Жауапты жұмыскердің лауазымы	
2.8	Байланыс телефондары*	
2.9	Электрондық пошта*	
3	Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы ақпарат	
3.1	Операцияның нөмірі *	
3.2	Операция түрінің коды*	1. Коды: 2. Мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік туралы ақпарат: 2.1 Мүліктің түрі: 2.2 Мүліктің тіркеу нөмірі:

3.3	Төлемді тағайындау коды*	1. Төлемді тағайындау коды: 2. Белгілеу мүмкін емес
3.4	Операцияға қатысушылар саны*	
3.5	Операция валютасының коды*	
3.6	Оны өткізу валютасында көрсетілген операция сомасы*	
3.7	Операцияның теңгемен көрсетілген сомасы*	
3.8	Операцияны жасаудың негіздемесі*	
3.9	Операцияны өткізуге негіз болған құжаттың күні мен нөмірі	1. Күні: 2. Құжат нөмірі:
3.10	Операция күдіктілігі белгісінің коды	
3.11	Операцияның күдіктілігі белгісінің 1-ші қосымша коды (бар болса)	
3.12	Операцияның күдіктілігі белгісінің 2-ші қосымша коды (бар болса)	
3.13	Операцияны күдікті ретінде жіктеуде туындаған қиыншылықтардың сипаттамасы	
3.14	Операция туралы қосымша ақпарат	
4. Қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушылар туралы мәліметтер		
4.1	Қатысушы (керегінің астын сызу керек)*	1. Операция бойынша төлеуші 2. Операция бойынша алушы 3. Төлеушінің өкілі 4. Алушының өкілі 5. Атынан және тапсырмасы бойынша 6. Пайда табушы 7. Сақтандырылушы
4.2	Қаржылық мониторинг субъектісінің клиенті (керегінің астын сызу керек)*	1. Болып табылмайды 2. Болып табылады
4.3	Қатысушы түрі*	
4.4	Резиденттігі*	
4.5	Операцияға қатысушының түрі (керегінің астын сызу керек)*	1. Заңды тұлға 2. Жеке тұлға 3. Жеке кәсіпкер
4.6	Шетелдік жария лауазымды тұлға (керегінің астын сызу керек)*	1. Болып табылмайды 2. Болып табылады 3. Шетелдік жария лауазымды тұлғамен аффилирленген
		1.1. Филиалдың орналасқан жері:

4.7	Операцияға қатысушының банкі*	1.2. Банктің атауы: 1.2.1. ААЖ атауы: 1.3. Банктің/филиалдың коды: 1.4. Қатысушы шотының нөмірі: 1.5. Операцияға қатысушылардың корреспонденттік шоттары туралы мәліметтер: 1.5.1. Банктің орналасқан жері: 1.5.2. Банктің атауы:
4.8	Операцияға қатысушының атауы (заңды тұлғалар үшін)	1. Қатысушы: 1.1 Ұйымдық нысаны: 1.2 Атауы: 2. Белгілеу мүмкін емес
4.9	Қатысушының құрылтайшылары (заңды тұлғалар үшін)*	1.1 Ұйымдық нысаны: 2.1 Атауы: 2.1.1 Тегі: 2.1.2 Аты: 2.1.3 Әкесінің аты (бар болса): 3. Резиденттігі:
4.10	Бірінші басшы (заңды тұлғалар үшін)	1. Тегі: 2. Аты: 3. Әкесінің аты (бар болса):
4.11	Деректеме белсенді емес	
4.12	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі-ЭҚЖЖ)	
4.13	ЖСН/БСН*	
4.14	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) (жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін)	1.1 Тегі: 1.2 Аты: 1.3 Әкесінің аты (бар болса): 2.1 Белгілеу мүмкін емес
4.15	Жеке басты куәландыратын құжат	
4.16	Жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы	1. Нөмірі: 2. Сериясы (бар болса):
4.17	Жеке басты куәландыратын құжатты кім берген	
4.18	Жеке басты куәландыратын құжат қашан берілген	
4.19	Туған күні (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін)	
4.20	Туған жері (жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін)	
		1. Облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана): 2. Аудан:

4.21	Заңды мекенжайы (заңды тұлғалар үшін – заңды мекенжай, жеке тұлғалар үшін – тіркелген жерінің мекенжайы)	3. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, елді мекен (қала/кент/ауыл): 4. Көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы: 5. Үй нөмірі: 6. Пәтердің/офистің нөмірі (болған жағдайда): 7. Пошталық индекс:
4.22	Байланыс телефонының нөмірі	
4.23	Электрондық пошта	
4.24	Нақты мекенжай (заңды тұлғалар үшін – орналасқан жерінің мекенжайы, жеке тұлғалар үшін – тұратын жерінің мекенжайы)	1. Облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана): 2. Аудан: 3. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, елді мекен (қала/кент/ауыл): 4. Көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы: 5. Үй нөмірі: 6. Пәтердің/офистің нөмірі (болған жағдайда): 7. Пошталық индекс:
4.25	Операцияға қатысушы туралы қосымша ақпарат	

Ескертпе:

\* деректеме міндетті түрде толтырылуы қажет

ҚМ-1 қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпарат нысанына қосымша

### **ҚМ-1 қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

ҚМ-1 қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

ҚМ-1 нысаны бір ғана операция бойынша, сондай-ақ 2 (екі) қатысушыдан аспайтын (операция бойынша төлеуші және операция бойынша алушы) ақпаратты қамтуы тиіс.

### **1-тарау. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысаны туралы мәліметтер**

1.1 "ҚМ-1 нысанының нөмірі" деген деректемеде қаржы мониторингіне жататын операция туралы хабарламаның реттік сандық нөмірі көрсетіледі, ол туралы ақпарат Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қолданатын мемлекеттік органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынылады. Қаржы мониторингіне жататын операцияның реттік сандық нөмірін қаржы мониторингі субъектісі өсу тәртібімен, "1" нөмірінен бастап сандық форматта, хабарларламамен ұсынылатын 1 (бір) күнтізбелік жылдың ішінде қалыптастырады:

"1. Нөмір" – ҚМ-1 нысанының нөмірі көрсетіледі.

"2. ҚМ-1 өзге нысанымен байланыс (бар болса)" – "1. Нөмір" жолағына қосымша ақпарат көрсетіледі:

"2.1. ҚМ-1 байланыс нысанының нөмірі" және "2.2. ҚМ-1 байланыс нысанының күні" – қаржылық мониторингке жататын басқа операциямен байланысты ҚМ-1 нысанының нөмірі мен күні көрсетіледі. Күні цифрлық форматта күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) көрсетіледі.

1.2 "ҚМ-1 нысанының күні" деген деректемеде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция туралы хабарды беру (жіберу) күні көрсетіледі. Хабардың күні цифрлық форматта күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) көрсетіледі.

1.1 "ҚМ-1 нысанының нөмірі\*" және 1.2 "ҚМ-1 нысанының күні\*" – деректемелері қаржы мониторингі субъектілерінің уәкілетті органға ұсынатын хабарларының әрбірі үшін бірегей болып табылады және қаржы мониторингі субъектісінің қателер табылған және ақпарат ұсыну туралы уәкілетті орган сұратулар жіберген жағдайда хабарды сәйкестендіру үшін пайдаланылады. Хабардың нөмірі мен күні операция туралы хабар уәкілетті органға алғаш рет жіберілген кезде анықталады.

1.3 "Құжат түрі" деген деректеме мынадай жолақтар болады:

"1. Жаңа хабар" – уәкілетті органға әрбір жаңа хабар жіберілген жағдайда көрсетіледі.

"2. Қабылданбаған хабарды түзету" – уәкілетті органнан ҚМ-1 нысанының қабылданбағаны туралы хабарлама алынған жағдайда көрсетіледі, қаржы мониторингі субъектісі хабарды қабылдамаудың хабарламада көрсетілген себептерін жою бойынша шараларды қабылдайды, хабарламада көрсетілген ескертулерді түзетеді және сұрату алынған күннен бастап 24 сағаттың (демалыс және мейрам күндерін асептемегенде) ішінде нысанды түзетілген түрде қайта жібереді. Бұл ретте хабардың нөмірі мен күні деректемелерінің алғашқы жұп мәндері көрсетіледі.

"3. Хабарды ауыстыруды сұрату (хабардың № көрсете отырып)" – қаржы мониторингі субъектісі бастамашылық тәртіппен бұрын ұсынылған және уәкілетті орган қабылдаған ҚМ-1 нысанына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда көрсетіледі, мысалы хабарда операция сомасы, валюта коды, операция жасауға негіз, қатысушылардың мекенжайы немесе басқасы дұрыс көрсетілмеген. Бұл ретте қаржы

мониторингінің субъектісі бастапқы хабарламадағыдай сол нөмірі мен күні бар барлық деректемелерді толтыра отырып, хабарламаны ауыстыратын уәкілетті органға жібереді және

3.14-деректемеде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар көрсетіледі.

1.4 "Операцияның жай-күйі" деген деректемеде мынадай жолақтар болады:

"1. Жасалған" – жүргізіліп жатқан операцияның жай-күйі аяқталған болып табылған жағдайда көрсетіледі;

"2. Жасалмаған – өткізуден бас тарту" – қаржы мониторингінің субъектісі операцияны өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда көрсетіледі Бұл ретте 4.25-деректемеде операцияны өткізуден бас тартудың себебі көрсетіледі.

"3. Жасалмаған – шешім қабылдау үшін" – қаржы мониторингінің субъектісі операцияны күдікті деп тану туралы хабарламаны уәкілетті органға ол жүргізілгенге дейін жіберген жағдайда көрсетіледі.

1.5 "Хабарлама беру үшін негіздеме" деген деректемеде мынадай жолақ болады:

"1. Шекті сомаға тең немесе одан асады" – егер "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағына сәйкес операцияның сомасы шекті сомаға тең немесе одан асқан жағдайда көрсетіледі".

"2. Күдікті операция" – клиенттің операциялары күдікті операцияны айқындау белгілеріне сәйкес күдікті деп танылған жағдайда көрсетіледі.

№ 8002 күдікті операцияларды айқындау белгілерінің коды көрсетілген жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3-жолақтар), заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14 толтыру міндетті болып табылады.

4.2-деректемеде "2. Болып табылады" деген жолақты таңдаған кезде, мынадай деректемелерді: 4.7 (1.4-жолақ), 4.13; жеке тұлғалар үшін: 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"3. Жолақ белсенді емес". Бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігінің болмауына байланысты жолақтың реттік саны өзгермейді.

"4. Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесімен сәйкес келуі" – егер операцияға қатысушы тұлға немесе ұйым терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде тұрған жағдайда көрсетіледі, мұнда:

"4.1. Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру" – осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның банк шоттары бойынша, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған жағдайда көрсетіледі. Осы тармақ таңдалған

кезде ҚМ-1 нысанының 3- және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"4.2. Банктік есепшотты пайдаланбай төлемдер мен аударымдар бойынша нұсқауларды орындауды тоқтата тұру" – мұндай жеке тұлғаның банктік есепшотын пайдаланбай, төлем немесе ақша аударымы бойынша нұсқаулар, сондай-ақ бенефициарлық меншік иесі осындай жеке тұлға болып табылатын клиенттің нұсқауларын орындау тоқтатыла тұрған жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты таңдаған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 3.6, 3.7, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3-жолақтар), 4.13; заңды тұлғалар үшін: 4.8; жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"4.3. Бағалы қағаздарды оқшаулау" – егер ұйым немесе жеке тұлға терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімдерінің жүйесіндегі және осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның жеке шоттарында, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің жеке шоттарында номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздар оқшауланады. Осы жолақты таңдаған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"4.4. Өзге операциялар жүргізуден бас тарту" – осындай ұйым немесе жеке тұлға не олардың пайдасына, сол сияқты осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиент не оның пайдасына жасайтын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операциялар жүргізуден бас тартылған жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты көрсеткен кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"4.5 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бөлігін және сақтандырушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға" – Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бөлігін және сақтандырушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты көрсеткен кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді толтыру міндетті болып табылады: 3.4, 4.2,

4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18.

"4.6 Заңның 12-бабы 8-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операция жасау" - Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы, қызметтік іссапарға арналған шығыстар, стипендия, жәрдемақы, өзге де әлеуметтік төлем түрінде ақша алған, сондай-ақ салықтар, коммуналдық және әлеуметтік төлемдер, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар төлеуді жүргізген кезде көрсетіледі.

"5. Жолақ белсенді емес", "6. Жолақ белсенді емес", "7. Жолақ белсенді емес" – бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігінің болмауына байланысты жолақтардың реттік сандары өзгермейді.

"8. Осындай зерделеу нәтижелерін тіркей отырып, қаржы мониторингі субъектілері күдікті деп таныған, міндетті зерделеуге арналған операциялар" – егер Заңның 4-бабының 4-тармағына сәйкес клиенттің операциялары зерделеу нәтижелері бойынша күдікті деп танылған жағдайда көрсетіледі.

"9. Сипаттамалары терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін операциялар" – егер клиент операцияларының сипаттамалары терроризмді қаржыландыру типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес болған жағдайда көрсетіледі.

"10. Сипаттамалары қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін операциялар" – егер клиент операцияларының сипаттамалары қылмыстық жолмен алынған кірістерді (жылыстату) типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес болған жағдайда көрсетіледі.

"11. Жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесімен сәйкес келуі:" – егер операцияға қатысушы тұлға немесе ұйым Жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде тұрған жағдайда көрсетіледі, мұнда:

"11.1 Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру" – осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның банк шоттары бойынша, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған жағдайда көрсетіледі. Осы тармақ таңдалған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді толтыру міндетті болып табылады: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18.

"11.2 Банк шотын пайдаланбай төлемдер мен аударымдар бойынша нұсқауларды орындауды тоқтата тұру" – мұндай жеке тұлғаның банктік есепшотын пайдаланбай, төлем немесе ақша аударымы бойынша нұсқаулар, сондай-ақ бенефициарлық меншік

иесі осындай жеке тұлға болып табылатын клиенттің нұсқауларын орындау тоқтатыла тұрған жағдайда көрсетіледі. ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде толтыру міндетті Осы жолақты таңдаған кезде мына деректемелер: 3.4, 3.6, 3.7, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3-жолдар), 4.13; заңды тұлғалар үшін: 4.8; жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18.

"11.3. Бағалы қағаздарды оқшаулау" – егер ұйым немесе жеке тұлға терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімдерінің жүйесіндегі және осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның жеке шоттарында, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің жеке шоттарында номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздар оқшауланады. Осы жолақ таңдалған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді толтыру міндетті болып табылады: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18

"11.4 Өзге операциялар жүргізуден бас тарту" – осындай ұйым немесе жеке тұлға не олардың пайдасына, сол сияқты осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиент не оның пайдасына жасайтын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операциялар жүргізуден бас тартылған жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты таңдаған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді толтыру міндетті болып табылады: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18.

"11.5 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бөлігін және сақтандырушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға" – Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын немесе оның бөлігін және сақтандырушы брокерлік қызметтің қызметтерін көрсету туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сыйақыны қайтару бойынша операцияларды жүргізуден бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты таңдаған кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді толтыру міндетті болып табылады: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18.

"11.6 Заңның 12-1-бабы 6-тармағында көрсетілген операцияларды тоқтата тұруға жіберу" – операциялар тараптарының ең болмағанда біреуі жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса және операциялар мұндай тұлғалар жаппай қырып-жою

қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілгенге дейін жасалған шарттар шеңберінде жүзеге асырылған жағдайда көрсетіледі.

"12. Іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту:" – қаржы мониторингі субъектісі жеке немесе заңды тұлғамен іскерлік қатынастар орнатудан бас тартқан жағдайда көрсетіледі.

"12.1 Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, жеке немесе заңды тұлғамен іскерлік қатынастар орнатудан бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы жолақты көрсеткен кезде ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"12.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда клиентпен жеке немесе заңды тұлғалардың іскерлік қатынастар орнатуынан бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы тармақты көрсеткен жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4 -жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"12.3 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда клиентпен жеке немесе заңды тұлғалардың іскерлік қатынастар орнатуынан бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы тармақты көрсеткен жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"13. Операцияны жүргізуден бас тарту:" – Заңның 13-бабы 1-тармағында көзделген негіздері бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту болған жағдайда көрсетіледі.

"13.1 Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 4) және 6) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, жеке немесе заңды тұлғаға

ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы тармақты көрсеткен жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"13.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда жеке немесе заңды тұлғаға ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы тармақты көрсеткен жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"13.3 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда жеке немесе заңды тұлғаға ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартқан жағдайда көрсетіледі. Осы тармақты көрсеткен жағдайда ҚМ-1 нысанының 3 және 4-бөлімдерінде мынадай деректемелерді: 3.4, 4.2, 4.4, 4.5, 4.7 (1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолақтар), 4.13, заңды тұлғалар үшін: 4.8, жеке тұлғалар үшін: 4.14, 4.15, 4.16 (1-жолақ), 4.17, 4.18 толтыру міндетті болып табылады.

"14. Іскерлік қатынастарды тоқтату:" – қаржы мониторингі субъектісі жеке немесе заңды тұлғамен іскерлік қатынастарды тоқтатқан жағдайда көрсетіледі.

"14.1 Клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатқан жағдайда көрсетіледі.

"14.2 Клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда" – қаржы мониторингі субъектісі клиенттің іскерлік қатынастарды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда жағдайда клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатқан жағдайда көрсетіледі.

Деректеме міндетті түрде толтырылады.

**2-тарау. ҚМ-1 қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың нысанын жіберген қаржы мониторингі субъектісі туралы мәліметтер**

2.1 "Қаржы мониторингі субъектісінің коды" деген деректемеде – Қаржы мониторингі субъектілері түрлерінің кодтары анықтамалығына сәйкес уәкілетті органға ҚМ-1 нысанын ұсынған қаржы мониторингі субъектісінің коды көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

2.2 "Қаржы мониторингі субъектісінің атауы" деген деректемеде:

"1.1 Ұйымдастырылған нысан:" – мәселен, АҚ (акционерлік қоғам), ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік), ЖК (жеке кәсіпкер) немесе қаржы мониторингі субъектісінің өзге де ұйымдастырушылық құқықтық нысаны көрсетіледі. Егер жеке тұлға қаржылық мониторинг субъектісі болған жағдайда бұл жолақ толтырылмайды.

"1.2 Атауы:" – тырнақшасыз қаржы мониторингі субъектісінің атауы көрсетіледі.

"1.2.1 Тегі", "1.2.2 Аты", "1.2.3 Әкесінің аты (бар болса)" – қаржы мониторингі субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

"2.3-деректеме белсенді емес". Бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігінің болмауына байланысты деректеменің реттік нөмірі өзгермейді.

2.4 "ЖСН/БСН" деген деректемеде – ҚМ-1 нысанын жіберетін қаржы мониторингі субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылуы қажет.

2.5 "Орналасқан жерінің мекенжайы" – деректемеде қаржы мониторингі субъектісінің заңды мекенжайы облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана), аудан, республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, елді мекен (қала/кент/ауыл), көшенің/данғылдың/шағын ауданның атауы, үй нөмірі, пәтердің/офистің нөмірі (болған жағдайда), пошталық индексі көрсетіледі.

2.6 "Жеке басты куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін)" деген деректемеде – жеке басты куәландыратын құжат түрінің цифрлық коды көрсетіледі.

2.6.1 "Жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы (жеке тұлғалар үшін)" деген деректемеде – жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы (бар болса) көрсетіледі.

2.6.2 "Жеке басты куәландыратын құжатты кім берген (жеке тұлғалар үшін)" деген деректемеде – жеке басты куәландыратын құжатты берген мекеменің атауы көрсетіледі

2.6.3 "Жеке басты куәландыратын құжат қашан берілген (жеке тұлғалар үшін)" деген деректемеде –жеке басты куәландыратын құжаттың берілген күні күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) форматында көрсетіледі.

2.7 "Жауапты жұмыскер" деген деректемеде – ішкі бақылау қағидаларын сақтауға жауапты, байланыс жасайтын адамның деректері көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

"2.7.1 Жауапты лауазымды тұлғаның лауазымы" деген деректемеде – ішкі бақылау ережелерінің сақталуына жауапты лауазымды тұлғаның атқаратын қызметі көрсетіледі.

2.8 "Байланыс телефондары\*" деген деректемеде – ішкі бақылау ережелерінің сақталуына жауапты лауазымды тұлғаның ұялы (+7 XXX XXX XXXX форматында) және қалалық (қала коды/телефон нөмірі/ішкі телефон нөмірі (бар болса) форматында) телефон нөмірлері көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

2.9 "Электрондық пошта\*" деген деректемеде – ішкі бақылау ережелерінің сақталуына жауапты байланыс тұлғасының электрондық поштасы көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

### **3-тарау. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы ақпарат**

3.1 "Операцияның нөмірі\*" деген деректемеде ҚМ-1 нысанын жіберген қаржы мониторингі субъектінің ішкі тізілімінде тіркелген нөмірі көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.2. "Операция түрінің коды\*" деген деректемеде – қаржы мониторингіне жататын операциялар түрлері кодтарының анықтамалығына сәйкес операция түрінің цифрлық коды көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

0511, 0521, 0911, 1311, 1321, 1411, 1421, 1431-кодтарда көзделген операцияларды қоспағанда, клиентке қолма-қол ақша берілген не клиенттен қолма-қол ақша қабылданған жағдайда 0530, 0540-кодтар көрсетіледі.

0623, 0633-кодтар көрсетілген және оффшорлық аймақта (аймақтан) операция жүргізілген жағдайларда "4.7 Операцияға қатысушының банкі" деген деректеменің "1.5.1 Банктің орналасқан елі" деген жолағы "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу №20095) сәйкес толтырылады.

0623, 0633-кодтарда көзделген операцияларды қоспағанда, клиент оффшорлық аймақта тіркелген, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар, сол сияқты оффшорлық аймақта тіркелген банкте шоты бар тұлғалардың санатымен ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасаған жағдайда 0640-код көрсетіледі.

1811 кодты көрсеткен жағдайда мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік туралы ақпарат "2.1. Мүлік түрі" жолақтарында, мәселен, пәтер, жер учаскесі немесе өзге жылжымайтын мүлік және "2.2 Мүліктің тіркеу нөмірі" көрсетіледі.

3.3 "Төлемді тағайындау коды\*" деген деректемеде – "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік

тізіміндегі актінің тіркеу № 14365) сәйкес қаржы мониторингіне жататын операциялар төлемдерін тағайындау коды көрсетіледі. Деректеме қаржы мониторингі субъектісі түрінің 011, 013-016 немесе 101 кодтары көрсетілген жағдайда деректемені толтыру міндетті, "2. Белгілеу мүмкін емес" жолағы төлемді тағайындау кодын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.4 "Операцияға қатысушылар саны" деген деректемеде – қаржы мониторингі субъектісін қоспағандағы операцияға қатысушылардың саны көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.5 "Операция валютасының коды" деген деректемеде – "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын валюта сыныптауышы туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – КОК-тың №378 шешімі) бекітілген "Валюта сыныптауышы" 23-қосымшасына сәйкес операцияны жасау валютасының коды көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.6 "Операцияның оны өткізу валютасындағы сомасы" деген деректемеде – операцияның оны өткізу валютасындағы сомасы көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.7 "Операцияның теңгедегі сомасы" деген деректемеде – операцияның сомасы операция жасалған күнге нарықтық валюта бағамы бойынша теңгелік баламада көрсетіледі. 3.5-деректемесінде "Теңге (қазақша)" валюта кодын көрсеткен кезде 3.6-деректемесінде көрсетілген операция сомасы қайталанады. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.8. "Операцияны жасаудың негіздемесі" деген деректемеде – ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен мәмілелер жасау мен қатысушылар түрлері кодтарының анықтамалығына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасалатын негіздегі мәміле түрінің коды көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

3.9 "Операцияны жүзеге асыруға негіз болған құжаттың күні мен нөмірі" деген деректеме – сол құжат бар болса толтырылады, операцияны жүзеге асыруға негіз болған құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Хабардың күнін көрсету күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) форматында көрсетіледі.

3.10 "Күдікті операциялар белгілерінің коды" деген деректемеде – осы бұйрықпен бекітілген қаржылық операцияның күдіктілік белгілері анықтамалығына сәйкес қаржылық операцияның негізгі күдіктілік белгісінің цифрлық коды көрсетіледі. "1.5 Хабарлама беру үшін негіздеме" –деректемесінің "2. Күдікті операция" -жолағы көрсетілген жағдайда деректемені толтыру міндетті.

3.11 "Операцияның күдіктілік белгісінің 1-ші қосымша коды" деген деректемеде – осы қаулымен бекітілген қаржылық операцияның күдіктілік белгілері анықтамалығына

сәйкес қаржылық операцияның бірінші қосымша күдіктілік белгісінің цифрлық коды көрсетіледі. Деректеме ішкі бақылау шараларын іске асыру нәтижесіндегі күдікті қаржылық операциялардың қосымша белгісі анықталған жағдайда толтырылады.

3.12 "Операцияның күдіктілік белгісінің 2-ші қосымша коды" деген деректемеде – осы Бұйрықпен бекітілген қаржылық операцияның күдіктілік белгілері анықтамалығына сәйкес қаржылық операцияның екінші қосымша күдіктілік белгісінің цифрлық коды көрсетіледі. Деректеме ішкі бақылау шараларын іске асыру нәтижесіндегі күдікті қаржылық операциялардың қосымша белгісі анықталған жағдайда толтырылады.

3.13 "Операцияны күдікті ретінде жіктеуде туындаған қиыншылықтарды сипаттау" деген деректемеде – күдікті операцияны жіктеуде туындаған қиындықтардың сипаттамасы ғана көрсетіледі.

3.14 "Операция жөнінде қосымша ақпарат" деген деректемеде – 3 "Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы ақпарат"-бөлімнің деректемелерінде толтыруға жататын ақпаратты қоспағанда, ішкі бақылау шараларын іске асыру кезінде оған қатысты, оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылғаны туралы күдік туындаған операциялар жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Орнын ауыстыратын хабар ұсынылған жағдайда бұл деректемеде түзетілген деректемелер ақпараты, мысалы, операцияның сомасы өзгертілген, төлемді тағайындау және басқасы көрсетіледі.

#### **4-тарау. Қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушылар туралы мәліметтер**

"Операцияға қатысушылар саны\*" деген 3.4-деректемеде – көрсетілген қатысушылардың санына қарай, әрбір қатысушыға сондай мөлшерде 4 "Қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушылар туралы мәліметтер" деген бөлімдер толтырылады.

4.1 "Қатысушы\*" деген деректемеде – қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушының тиісті мәні көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

4.2 "Қаржы мониторингі субъектісінің клиенті\*" деген деректемеде мынадай мағыналар бар:

"1. Болып табылмайды" – операция қатысушысы ҚМ-1 нысанын жолдайтын қаржы мониторингі субъектісінің клиенті болып табылмаған жағдайда көрсетіледі;

"2. Болып табылады" – операция қатысушысы ҚМ-1 нысанын жолдайтын қаржы мониторингі субъектісінің клиенті болып табылған жағдайда көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

"Қатысушының түрі\*" деген 4.3 -деректемеде – ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен мәмілелер және қатысушылары түрлерінің кодтары анықтамалығына сәйкес операцияға қатысушының түрі көрсетіледі.

"Резиденттік\*" деген 4.4 -деректемеде – КОК-тың №378 шешімінің "Дүниежүзі елдерінің сыныптаушысы" 22-қосымшасына сәйкес операцияға қатысушының резиденттігі көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

"Операцияға қатысушының түрі" деген 4.5-деректемеде қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушысы түрінің тиісті мәні көрсетіледі. Деректеме міндетті түрде толтырылады.

"Шетелдік жария лауазымды тұлға" деген 4.6-деректемеде "Операцияға қатысушының типі" деген 4.5-деректемедегі "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" деген жолақтар көрсетілген жағдайда тиісті мәні көрсетіледі.

"Шетелдік жария лауазымды тұлға" деген 4.6-деректеменің "2. Болып табылады" деген жолағын көрсеткен жағдайда "Операцияға қатысушы туралы қосымша ақпарат" деген 4.6-деректемеде шетелдік жария лауазымды тұлға туралы толық мәлімет жазылады";

"Операцияға қатысушы туралы қосымша ақпарат" деген 4.25-деректемедегі "3. Шетелдік жария лауазымды тұлғамен аффилирленген" деген жолақ көрсетілген жағдайда шетелдік жария лауазымды тұлғамен аффилирленген тұлға туралы толық мәлімет жазылады.

"Қаржы мониторингі субъектісінің клиенті" деген 4.2-деректемедегі "2. Болып табылады" деген жолақ көрсетілген жағдайда толтыру үшін деректеме міндетті.

"4.7 Операция қатысушысының банкі\*" деген деректемеде – операцияны өткізетін банкі/Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

"1.1 Филиалдың орналасқан жері" – банкі филиалының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жағдайда операцияның басталған/аяқталған жерінің елді мекені мекенжайы (облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана), аудан, республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, елді мекен (қала/кент/ауыл), көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы, үй нөмірі, пәтердің/офистің нөмірі (болған жағдайда)) көрсетіледі.

Банкі Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан жағдайда КОК-тың №378 шешімінің "Дүниежүзі елдерінің сыныптаушысы" 22-қосымшасына сәйкес ел көрсетіледі.

"1.2 Банктің атауы" – банктің /Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының толық атауы көрсетіледі;

"1.2.1 ААЖ атауы" – ААЖ арқылы операция жүргізілген жағдайда ақша аударымы жүйесінің (бұдан әрі - ААЖ) атауы көрсетіледі және "4.7 Операцияға қатысушының банкі\*" -деректеменің "1.4 Қатысушы шотының нөмірі" – жолағында аударымның бақылау нөмірі (MTCN немесе басқасы) көрсетіледі.

"1.3 Банктің/филиалдың коды" – мысалы, резиденттер үшін және SWIFT BIC ( немесе non-SWIFT BIC) резидент еместер және басқалар үшін БСК көрсетіледі.

Операция банк филиалында өткізілген жағдайда "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 236 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу № 7960) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген филиалдың коды көрсетіледі;

"1.4 Қатысушы шотының нөмірі" – қатысушы шотының нөмірі, мәселен, IBAN немесе басқасы көрсетіледі.

"1.5 Операцияға қатысушылардың корреспонденттік шоттары туралы мәліметтер" мынадай мәндерге ие болады:

"1.5.1 Банктің орналасқан жері" – 4.4-деректемесінде КОК-тың № 378 шешімімен бекітілген "Дүниежүзі елдерінің сыныптаушысы" 22-қосымшасына сәйкес банк-корреспондент орналасқан ел көрсетіледі;

"1.5.2 Банктің атауы" – банк-корреспонденттің толық атауы көрсетіледі. "1.4 Қатысушы шотының нөмірі" жолағында шот нөмірі болмаған жағдайда "шот нөмірсіз" көрсетіледі.

Деректеме 2.1 "Қаржы мониторингі субъектісінің коды\*" - деректемеде 011, 013-016 немесе 101 қаржылық мониторинг субъектісінің коды көрсетілген жағдайда толтыру үшін міндетті. Қаржылық мониторинг субъектісінің өзге кодтарын көрсеткен жағдайда деректеме толтыру үшін міндетті.

Деректеме міндетті түрде толтырылады.

4.8 "Операция қатысушысының атауы (заңды тұлғалар үшін)\*" деген деректеменің – 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінің "1. Заңды тұлға" жолағы толтырылған жағдайда көрсетіледі және мынадай мәнге ие болады:

"1. Қатысушы":

"1.1 Ұйымдық нысаны" жолағында – операцияға қатысушының ұйымдық құқықтық нысаны көрсетіледі (мысалы, АҚ (акционерлік қоғам), ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік), ЖК (жеке кәсіпкер) немесе өзге де ұйымдық құқықтық нысаны);

"1.2 Атауы:" жолағында – тырнақшасыз құрылтайшы құжаттамаға сәйкес операцияға қатысушының атауы көрсетіледі.

"2. Белгілеу мүмкін емес" – егер операцияға қатысушының атауын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.9 "Қатысушының құрылтайшылары (заңды тұлғалар үшін)\*" деген деректемеде – 10 пайыздан кем емес қатысу үлесі бар операция қатысушысының барлық құрылтайшыларының деректері 4.5 "Операцияға қатысушының типі"-деректемесінің "1. Заңды тұлға"-жолағын көрсетілген жағдайда көрсетіледі:

"1.1 Ұйымдық нысаны:" жолағында – операцияға қатысушының ұйымдық құқықтық нысаны көрсетіледі (мысалы, АҚ (акционерлік қоғам), ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік), ЖК (жеке кәсіпкер) немесе өзге де ұйымдық құқықтық нысаны). Егер қатысушының құрылтайшысы жеке тұлға болып табылса, онда осы жолақ толтырылмайды.

"2.1 Атауы:" – құрылтай құжаттарына сәйкес операцияға қатысушының құрылтайшысы заңды тұлға болған жағдайда, операцияға қатысушы құрылтайшының атауы тырнақшасыз көрсетіледі. Егер операцияға қатысушының құрылтайшысы жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер болса, онда тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толтырылады;

"3. Резиденттігі:" деген деректемеде – КОК-тың № 378 шешімімен бекітілген "Дүниежүзі елдерінің сыныптаушысы" 22-қосымшасына сәйкес операцияға қатысушының құрылтайшысы мемлекеті көрсетіледі.

Деректеме 1.5 "Хабарлама беру үшін негіздеме" деректемесінің "2. Күдікті операция"-жолағын және 4.2 "Қаржылық мониторинг субъектісінің клиенті"-деректемесінің "2. Болып табылады"-жолағын бір мезгілде көрсеткен жағдайда толтыру үшін міндетті.

4.10 "Бірінші басшы (заңды тұлғалар үшін)\*" – деген деректемеде 4.5"Операцияға қатысушының түрі" -деректемесінде 1"1. Заңды тұлға" – жолағын толтырған жағдайда операцияға қатысушы бірінші басшының деректері, атап айтсақ тегі, аты, әкесәнің аты (болған жағдайда) көрсетіледі. "Қаржы мониторингі субъектісінің клиенті" деген 4.2-деректеменің "2. Болып табылады" деген жолағын көрсеткен жағдайда деректеме толтыру үшін міндетті. Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.12 "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚЖЖ)" деген деректемеде – 4.5 "Операцияға қатысушының типі" деген деректеменің "1. Заңды тұлға" деген жолағы толтырылған жағдайда "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы міндетін атқарушының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 68-од бұйрығына сәйкес операцияға қатысушының ЭҚЖЖ коды көрсетіледі.

4.13 "ЖСН/БСН" деген деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе резидент емес заңды тұлға шет мемлекетте тіркелген нөмір көрсетіледі. 4.2-деректемесінде 2-тармақ көрсетілген

жағдайда, деректемені толтыру міндетті. (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес резидент емес жеке тұлғаға жеке тұлғаның бірыңғай нөмірі берілмеген кездерді қоспағанда). 4.15-деректемеде жеке басты куәландыратын құжат ретінде "Шетел мемлекеті азаматының паспорты" таңдалған кезде 4.13-деректемені толтыру талап етілмейді.

4.14 "Т.А.Ә. (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін)\*" деген деректемеде – операцияға қатысушы жеке тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің деректері көрсетіледі және мынадай деректер көрсетіледі, атап айтсақ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).

4.14 "Т.А.Ә. (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін)\*" деген деректеменің "2.1 Белгілеу мүмкін емес" жолағы операцияға қатысушының тұлғасын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.15 "Жеке басты куәландыратын құжат" деген деректемеде – құжаттар түрлерінің кодтары анықтамалығына сәйкес жеке басты куәландыратын құжат түрінің цифрлық коды 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінің "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.16 "Жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы" деген деректемеде – операцияға қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінің "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.17 "Жеке басты куәландыратын құжатты кім берген" деген деректемеде – операцияға қатысушының жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінде "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.18 "Жеке басты куәландыратын құжат қашан берілген" деген деректемеде – операцияға қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) форматында 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінде "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.19 "Туған күні" деген деректемеде – операцияға қатысушысының туған күні күні (екі белгі)/айы (екі белгі)/жылы (төрт белгі) форматында 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінде "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.20 "Туған жері" деген деректемеде – операцияға қатысушысының туған жері 4.5 "Операцияға қатысушының түрі" деректемесінде "2. Жеке тұлға" немесе "3. Жеке кәсіпкер" жолақтарын толтырған жағдайда КОК-тың № 378 шешімімен бекітілген "Дүниежүзі елдерінің сыныптаушысы" 22-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

Егер 4.13 "ЖСН/БСН" деректемеде операцияға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген жағдайда, деректеме міндетті.

4.21 "Заңды мекенжайы" деген деректемеде – заңды тұлғалар үшін – заңды мекенжайы немесе жеке тұлғалар үшін операцияға қатысушының тіркелген жерінің мекенжайы облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана), аудан, елді мекен (қала/кент/ауыл) (республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда), көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы, үйдің нөмірі, пәтердің/офистің нөмірі (бар болған жағдайда) форматында көрсетіледі.

4.22 "Телефон нөмірі" деген деректемеде – операцияға қатысушының ұялы (+7 XXX XXX XXXX форматында) және қалалық (қала коды/телефон нөмірі/ішкі телефон нөмірі (бар болса) форматында) телефон нөмірлері көрсетіледі.

4.23 "Электрондық пошта" деген деректемеде – операцияға қатысушының Интернетте тіркелген электрондық поштасының мекенжайы көрсетіледі. 4.24 "Нақты мекенжайы" деген деректемеде заңды тұлғалар үшін – заңды мекенжайы немесе жеке тұлғалар үшін операцияға қатысушының тіркелген жерінің мекенжайы облыс (оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астана), аудан, елді мекен (қала/кент/ауыл) (республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда), көшенің/даңғылдың/шағын ауданның атауы, үйдің нөмірі, пәтердің/офистің нөмірі (бар болған жағдайда), пошталық индексі форматында көрсетіледі

4.25 "Операцияға қатысушы туралы қосымша ақпарат" деген деректемеде 4 "Қаржы мониторингіне жататын операцияға қатысушылар туралы мәліметтер" бөлімінің деректемелердінде толтыруға жататын ақпаратты қоспағанда, ішкі бақылау шараларын іске асыру кезінде оған қатысты, оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қатысы туралы күдік туындаған операция қатысушысына қосымша ақпарат көрсетіледі".